

# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Орыс формализмі және жаңа сын





## Орыс формализмі мен жаңа сынға кіріспе

**Мақсат:** орыс формализмі мен «жаңа сын» теориясы өкілдерінің басты идеяларын ашу, олардың көркем шығарманы талдаудағы өзіндік ерекшеліктерін айқындау.

**Кілт сөздер:** форма, парадокс, жаңа сын, формализм, идея, тақырып.

Бұл дәрісімізде әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар формализм мектебінің эстетикасымен танысамыз. Мазмұннан түрді, яғни форманы үстем қойған аталмыш мектеп өкілдерінің ой-тұжырымдарын таратып түсіндіреміз.

XX ғасырдың басында формалистер мектебінің негізі қаланып, оның өкілдері өздерін поэтикалық тілдің теориясын зерттеушілер ретінде таныстырды. Лингвистер мен өлеңтанушылардың және әдебиеттің тарихын зерттеушілердің басын қосқан аталмыш ғылыми мектептің құрамында кейіннен филология ғылымдарында аты шыққан В. Шкловский, Б. Эйхенбаум, Ю. Тынянов, Р. Якобсон сынды көрнекті ғалымдар бар болатын. Бастапқыда олар көбіне-көп футуристік шығармаларға ден қойды. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары формалистердің идеялары қатаң сынға ұшырады. Кейіннен коммунистік идеологияның қатаң сынына тап болып, отызыншы жылдарда тіпті «формализм» деген сөздің өзі қауіпті элемент ретінде саналып, ол сөзді ауызға алған адам ауыр жазаға кесілетін болды. Формализм мектебінің өкілдерінің көбі Батыс елдеріне қоныс аударып, кейіннен басқа да ғылыми мектептердің тууына түрткі болды. Мысалы, формализм структурализмнің, семиотиканың дүниеге келуіне айрықша ықпал етті. Формализмнің басты концепциялық идеялары әдебиет теоретиктері – Б. Эйхенбаумның «Орыс лирикалық өлеңінің методикасы», Ю. Тыняновтың «Поэтикалық тілдің мәселелері», В. Шкловскийдің «Сөздің жандануы» (1914) атты еңбектерінде жан-жақты жазылды.

Аталмыш еңбектерде формалистер көркем шығарманы «образдар жүйесі» ретінде танытын кейбір сыншыларға қарсы шықты. В. Шкловский өнерді қаламгер қолданған әртүрлі әдіс-тәсілдердің үйлесімділігі деп тануды ұсынды. Ол Эйхенбаумның сөзіне сүйене отырып, формалық ерекшелікті көркемдік қабылдаудың өзіндік дара белгісі ретінде қарауды алға тартады. Шкловский өзінің кітабында: «Біз әдепкі дүниелерге мән бере бермейміз, оны көзге ілмейміз де, бірақ білеміз, – деп жазады өзінің «Сөздің жандануы» деп аталатын еңбегінде. Біз әдепкі әрі таныс дүниені көре алмауымыз мүмкін. Әсіресе біз үшін өте жақсы таныс болған мәтіндерді оқыған кезде оны біз дұрыстап өңдей алмауымыз мүмкін. Өйткені біз өзімізді оны тануға ынталандыра алмаймыз. Егер біз «поэтикалық» немесе «көркемдік» деп аталатын қабылдауды жасағымыз келсе, онда сөзсіз, мынаған тоқтауымыз керек. «Көркемдік» қабылдау дегеніміз – форма арқылы түйсіну.

Олардың ойынша, әдебиеттегі ең бірінші назар аударуға тиісті дүниенің бірі – оның осы уақытқа дейінгі қалыптасқан және әдеттегі тілге ұқсамайтын тілден тұратындығы. Әдетте, ондай суреттемелер мен формалар алдамшы баяндауларды айтудан тосады я болмаса өте үлкен құлшыныс туғызады я ой-пікір алмасуға итермелейді. XX ғасырдың бас кезінде әдебиет туралы ой саралаған адамдарды «формалистер» деп атайды, себебі олар әдебиетті ұшпаққа шығарып, бағын асыратын оның мазмұны емес, сыртқы түр-тұлғасы – формасы деп есептеді. Роман қызықты болуы мүмкін, өйткені «буржуазияның екіжүзділігі» немесе «шектен шыққан құмарлық» туралы айтылып отыр. Дегенмен бұл өте салмақты зерделеу болмақ. Өйткені инновациялық, сенімді әрі маңызды сипатта жүзеге асқан. Оның өзіне тән даралығын нақтылап, дәрежесін асырып тұрған оның формасы болып саналады.

Орыс формалистері ретінде аты шыққан кейбір формалистер үшін тарих пен ғылым секілді басқа да жазу түрлерінен айырып тұратын сөз өнерінің басқа да бөлшектерінен гөрі оның қалай жазылғаны алғы планға шығып, басты орынға шығып кетті де, онда не туралы айтылып жатыр деген сұрақ тасада қалып қойды. Әдебиеттің тілі әдеттегі, күнделікті тілден біршама өзгешеленіп тұрады. Өйткені ол әдепкі үйреншікті тілді қолданбайды. Аталмыш пішіндеу мен бір жүйеге салу зерттеушілердің форма деген ұғымын білдіреді. Олардың пікірінше, әдебиеттану ғылымы тек қана осындай әдеби өлшемдерге ғана баса назар аударуы керек.



Ресей формалистері форманы мағынаға жапсырылған киім, сырт келбет деген түсінікті жақтады. Сондай-ақ, әдебиетке «әдеби» қасиет дарытатын басты құндылық деп таныды. Форма мағына арқылы көрініс таппайды. (Form is not «motivated» by meaning.) Оның өзіндік тарихы мен қағидалар жүйесі болады. Трагедиялық драманың тарихы пьесада айтылатын әртүрлі идеялардың тарихы емес; тиісінше, бұл форманың қалай өзгеріске түсіп, келісімдердің қалайша дамуы мен қандай әдіс-тәсілдердің қолданылғанының тарихы болып саналады. Осылайша, форма мен мазмұн арасын жалғап тұрған бәлендей байланыс жоқ. Әдебиеттегі маңызды нәрсе мазмұн емес, ондағы басты назарда тұруға тиіс дүниелер – автор-қаламгер қолданатын әдеби әдістер, әртүрлі құралдар мен техникалар.

Осы пікір бойынша, Шекспирдің «Лир патша» пьесасындағы адам өміріндегі маңызды орын алатын идеялар әдеби талдау нысанына алынуға келмейді, тек қана ондағы әдеби техникалық-формалық ерекшеліктерді ғана талдауға тиіспіз. Ондағы отбасылық сатқындық пен жеке тұлғалық сәтсіздіктер пьесаның формалық мәнін ашу үшін зерттеуге лайықты, бірақ оның идеясын талқыға салу бекер. Әдеби талдау шығарманың құрылымына, ондағы тілдік қолданыстардың өзіндік ерекшеліктеріне және образдар жүйесінің қалай жасалғанына және осы секілді мәселелерге баса назар аударуы қажет. Мысалы, Толстойдың «Анна Каренинасы» – ерлі-зайыптылардың опасыздығы хақындағы роман. Кей кездерде Толстой шабандоздың көзімен бәйгелер туралы сөз етеді. Ал бұл жаңа әрі бірегей құрал кей кездерде Аннаның болашақ күйеуінің алдындағы тартымдылығын танытатын қозғалыстар мен детальдарға тікелей қатысты болуы әбден мүмкін. Дегенмен орыс формалистері үшін баяндау кезіндегі аса маңызды дүние құрал мен оқырман үшін жасалатын бірегей көзқарастың өзі. Атқосшының орнына қою арқылы Толстой бізді өзіміздің әдеттегі қарапайым әлемімізден алып шығады. Біз опасыздықтың қайнаркөзі туралы түйсініп қана қоймаймыз, сонымен бірге қауіпті әрі ерекше әсерлі жаңа тәжірибелер шындығын тұтасымен қабылдаймыз.

Өзге бір әйгілі мысалда Толстой тұтас бір оқиғаны тұлпардың көзімен баяндап береді. Реті келгенде оқиға ағымы геометриялық үзінділер мен есептеулі дәлдікпен сипатталған кезде оның бәрі оқырманды оның бәрін қайта сараптауға, сол арқылы айрықша әсерге бөленуіне жол ашады. Мұның бәрі былайша айтқанда әдепкі әрі қалыпты жағдай сияқты көрінетін тәжірибелер.

Форма дегеніміздің өзі алапат күшке ие әрі ол белгілі бір деңгейде күдік ұялатады. Бірақ орыстың көрнекті формалисі Виктор Шкловскийдің пікірінше, бұл – сапалы әдебиеттің басты қасиеті. Ол бізді мазалайды әрі біздің қалыпты әрі әдетке айналған болмысымызды бұзып, әлемді басқаша тануға итермелейді. Ол мұны бұрмалау мен тілді бұзу арқылы жасайды. Сондықтан біз мына өмірді түсінуді жеңілдету үшін оны сол қалпында қолдана алмаймыз.

Өмірдің қайталанбалы сипаты біздің сезімдеріміз бен әлемімізді тым белгілі әрі қызықсыз етіп жібереді. Соның себебінен біз айнала болмыстағы заттарды жанды күйінде көруді доғарамыз. Ал тілді өзгертіп, оны қолданудың жаңа түрлерін табу арқылы және бақылау мен түсінудің жаңа әдістері арқылы әдебиет біздің сезімдерімізді қайта оятып, өмірді жаңа қырынан тануға жол ашады. Ресейлік формалистердің айтуынша, жаңа формальді құралдар мен техникаларды ойлап табу арқылы әдебиетте жаңа мазмұндық құбылыстар да дүниеге келуі мүмкін, яғни форма бәріне бастамашы, бәрінің қайнаркөзі бола алады екен. Ертедегі теоретиктер мазмұнның форманы туғызатынын айтатын. Ал формалистер осы тұжырымды теріс айналдырып, форма мазмұнның жасалуына түрткі болады деп айтады.

Мысалы, Орта ғасырлардағы Батыс Еуропада әдебиет негізінен рыцарлар туралы әңгімелерден құралатын. Артурлық романдарда рыцарлар діни мақсаттармен ұштасатын жорықтарда көрінеді. Мінез-құлық көбіне статикалық тұрғыда болды әрі басты құндылықтар ретінде батылдық пен табандылық әспеттелді. Әдеби форманы қолдап-қуаттайтын феодализм мен әскери сот дәстүрі құлағаннан кейін жаңа орта тап пен «буржуазияның» өмірін де қамтитын біршама зайырлы әрі материалистік құндылықтар мен идеалдарды қамтитын жаңа форма дүниеге келді. Осы кездегі ең алғашқы романдардың бірі болып табылатын әрі орта таптан шыққан рыцардың өмірін арқау еткен Сервантестің «Дон Кихот» романының мүлдем бөлек әрі жаңа қаһарман бейнесінің жасалуына түрткі болып, жаңа форманы дамытқанын В. Шкловский де растайды.



Ол кезде романтикалық кейіпкерлер барынша статикалық сипатқа ие болып, өзгере қоймайтын. Ал Дон Кихот құбылмалы стильді қалыптастырды, өйткені жаңа баяндау түрі бір ғана оқиғалық тұтастыққа ие болмай, қайта оқиғалар желісінің өзара жүйелі байланыста болуын қалыптастырды. Жаңа эпизодтық баяндау формасы әртүрлі жағдайға байланысты өзгеруге мүмкіндік берді. Дәл осы жағдайда форма басқа да әдеби элементтерді емес, дәл мазмұнды анықтайды.

Орыс формалистері әдеби мәтінді тек қана оның формасына мән беріп оқитын еді, мазмұны оларды аса қызықтыра қоймайтын. Әрине, формалистердің бәрі де зерттеуге тұрарлық дүние тек форма ғана деп есептеген жоқ. Кейбіреулері форма мен мазмұн арасындағы өзара байланысқа, сонымен бірге тілді қолданудың әртүрлі әдістері мен қарым-қатынас жасау кезіндегі түрлі идеялардың өзара байланысына мән берді. Ал жиырмасыншы ғасырдың орта тұсында Американың әдеби ортасындағы талқыларда басты орында тұрған америкалық «жаңа сыншылар» үшін әдеби көркем форма мазмұнмен байланыстырып тұратын бірлік ретінде қарастырылды.

Клеант Брукс «соңғысы бірінші болады» деген секілді қарсы мәндегі қос ұғым не құндылықты біріктіретін белгілі парадокстарды жазу үшін қаламгерлер көбіне тілдің белгілі бір формасына сүйенетінін айтады. Бруксқа сүйене отырып олар осы қадамға барды. Себебі айтылымның аталмыш ерекше формасы адам тәжірибесінің сапасын көрсете алады. Әдебиет мен мәдениетте осы сияқты парадокстер көптеп кездеседі. Мысалы, «Лир патша» туындысында ер кісінің көзі көрмейді. Бірақ ол айналасында не боп жатқанын білгенде ғана шын мәнінде не боп жатқанын көреді. Ал «Матрицада» жас жігіт шын мәніндегі өзі сияқты адам боп қайта тууы үшін өлуге тиіс еді. Брукстың пікірінше, парадокс – мәңгілік пен бір сәттікті, әмбебап пен қысқамерзімдікті жазу мен айтудағы бірден-бір жол. Жаңа сыншылар адам өміріндегі универсалды аспектілерге көңіл аударды. Олардың пікірінше, осындай универсалилер ғана әр адамның болмысын аша алады және әдебиетті биік деңгейге көтереді. Мұндай универсалийлер айрықша не нақты емес, жалпы не абстрактілі болады. Дегенмен әдебиет оларды нақты етеді. Жаңа сыншылар әдебиет сахнасына шыққан XX ғасырдың ортасынан бері әдебиетті зерттеуші ғалымдар Шекспир секілді жазушылардың шынында да Үндістандағы шаруа әйелі мен Қайта өрлеу дәуіріндегі Англияның аристократ әйеліне де бірдей қолдануға болатын «универсалийлерді» қамтыған пьеса жаза алатынына күмәнмен қарайды. Әрине, бұл мына әлемде немесе әдебиетте универсал идеялар жоқ деген сөз емес. Мына нәрсені ескеру керек, байлық пен бақта, дәреже мен билікте мына әлем өзінің ерекше айырмашылықтарымен барлық универсал идеялардың кез келген жерде қолданыла беруіне мүмкіндік бермейді. Тіпті «тынымсыз еңбек әдетте табысқа жеткізеді» деген секілді өте абстрактілі әмбебап шындықтың өзі Америка құрама штаттарының білім жүйесіне сәйкес келмейді. Мысалы, сынақтан бірдей нәтиже көрсеткен әртүрлі экономикалық жағдайдағы оқушылар әртүрлі тарифтегі білім алады.

Оның үстіне, әдеби шығармаларда универсалдар көбіне діни немесе идеал сипатқа ие боп көрінеді. Жаңа сыншылар рухани әлемнің физикалық әлемнен тысқары болып, діни идеализм мен сенім құндылығы аспандап тұрған Қайта өрлеу мен романтизм дәуірлерінен мысалдар келтіре отырып әдебиет туралы болжамдар айта алады. Міне, сондықтан да жазушылар жаңа сыншылардың әдебиетке деген діни және идеалистік көзқарастарына сай келетін әдістермен жазды.

Аталмыш бағыттың өкілдері көркем шығарманы талдайтын кезде «жіті оқу» деп аталатын әдісті қолданды. Бұл әдіске сай көркем туындының мазмұны оның формасы арқылы ғана ашылады. Жаңа сыншылар пьесалардан ирониялар мен парадокстарды іздейтін. Әсіресе, оларды нақты және әмбебап дүниелердің өзара үйлесім табуы айрықша қызықтыратын. Мысалы, пьесаларда жиі қолданылатын шаблонның бірі – екі қарсы мәндегі құндылықтың бір арнада түйісуі, екеуінің бірге қолданылуы. Мәселен, аса құнды деп бағаланған дүние аяқ астынан құнсыз боп шыға келеді не болмаса түк те құны жоқ деп есептелетін дүние бірден ең құнды дүниеге айналып кетеді. Күшті бірден әлсізге, ал игі адам күтпеген жерден сатқын адам боп шыға келеді. Осындай парадокстық әрі ирониялық инверсиялар У. Шекспирдің «Лир патша» атты трагедиясындағы кейіпкерлердің әрекеттері мен бейнелері арқылы сипатталады. Шаблон Лирдің Корделияға қатысты қарым-қатынасында сақтықты көрсетеді: «Кейінірек өкінбеу үшін жауапты түзетіңіз!».



Өзара ұқсас қос кейіпкер тап осы сәтте бір-бірінен өте алыс. Қан жағынан туыс болғандықтан, олар танымдық деңгейлері тұрғысынан да ерекшеленеді. Біршама бұзып жарушы диссонанс, яки дизъюнкцияға (бір нәрсені бұзу мен оны түзудің арасы) назар аударту үшін осы көрініс фонетикалық аллитерация не жақындықты (түзетуді) білдіреді.

Оқырман осылайша трагедияны өзінің жаңа сыни оқуы арқасында киімі мен ақылсыздығына қатысты әртүрлі парадокстарды көре алады. Пьесаны орыс формалистерінің әдісі тұрғысынан талдау әмбебап идеялармен онша жақын келе бермеді және ол көбінесе оның құрылымы мен драмалық ұйымдасуына көбірек қатысты болды. Осылайша орыс формалистері мен «жаңа сыншылар» әдебиеттану ғылымының даму тарихында маңызды орын иеленді. Олардың талдау әдістері шығарманың құрылымдық ұйымдасуы мен идеялық-тақырыптық мазмұнының жаңа қырларын ашып берді.

### Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Формалистер бастапқыда қандай шығармаларға ден қойды?
2. Америка әдебиеттануында «жаңа сын» қай кезде пайда болды?
3. Жаңа сыншылар мен орыс формалистерінің шығарма талдаудағы әдістерінде қандай айырмашылықтар бар?
4. Брукстың парадокстар туралы идеясын түсіндіріп беріңіз.
5. Әдеби шығармадағы универсалдар қандай сипатта көрінеді?
6. «Жіті оқу» дегеніміз не?

### Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов Зейнолла. Сөз өнері: Оқулық-монография / Қабдолов Зейнолла. – Алматы: Санат, 2007. – 2007. – 360 б.
2. Кузьмичев И.К. Введение в общее литературоведение XXI века. – Нижний Новгород: ННГУ, 2001. – 324 б.